

"2025-2027 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Первомай ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 12 мамырдағы № 30/11 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы № 35/12 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2025-2027 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Первомай ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 12 мамырдағы № 30/11 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2025-2027 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Первомай ауылдық округінің бюджеті көрсетілген шешімге тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 41 910,9 мың теңге;

салықтық түсімдер – 6 188 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 1 052 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімдері – 34 670,9 мың теңге;

2) шығындар – 42 008,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржылық активтерді сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -97,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 97,9 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 97,9 мың теңге.";

6-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6-1. 2025 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттердің түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Первомай ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеуге;

2) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Первомай ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілері мен штаттан тыс жұмыскерлеріне іссапар шығыстарын төлеуге;

3) қоршаған ортаны ластағаны үшін төлеуге.

Аудандық бюджеттен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Первомай ауылдық округі әкімінің 2025-2027 жылдарға арналған ауылдық округтің бюджеті туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы шешімімен айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім қабылданған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Жамбыл ауданы мәслихатының төрайымы

Л. Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2025 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 35/12 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2025 жылғы 12 мамырдағы
№ 30/11 шешіміне
1-қосымша

2025 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Первомай ауылдық округінің бюджеті

Са на ты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	41 910,9
1			Салықтық түсімдер	6 188
	01		Табыс салығы	380
		2	Жеке табыс салығы	380

04			Меншікке салынатын салықтар	5 797
		1	Мүлікке салынатын салықтар	77
		3	Жер салығы	11
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 281
		5	Бірыңғай жер салығы	3 428
05			Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	11
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	11
2			Салықтық емес түсімдер	1 052
01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	816
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	816
06			Басқа да салықтық емес түсімдер	236
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	236
4			Трансферттердің түсімдері	34 670,9
02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	34 670,9
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	34 670,9
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	42 008,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	38 202,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	38 202,4
			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент,	

		001	ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	37 462,9
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	739,5
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 847,6
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 847,6
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 341,6
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	288
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	218
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 258,5
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 258,5
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	1 258,5
12			Көлік және коммуникация	700
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	700
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	700
15			Трансферттер	0,3

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,3	
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,3	
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0	
			Бюджеттік кредиттер	0	
Санаты	Сыныбы		Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0
Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы		Сомасы (мың теңге)
			4) Қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо		0
			Қаржылық активтерді сатып алу		0
Санаты	Сыныбы		Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
				5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-97,9
				6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	97,9
7				Қарыздар түсімдері	0
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар	0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары		0

Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16			Қарыздарды өтеу	0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0
		056	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	97,9
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	97,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	97,9